

Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 520 "Хромтау ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 174 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 8574-04 болып тіркелді

Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Хромтау ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 520 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7585 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Хромтау аудандық
мәслихатының төрағасы*

Э. Болатов

Хромтау аудандық мәслихаттың 2024
жылғы 15 сәуірдегі № 174 шешіміне
қосымша

Хромтау аудандық мәслихатының 2020
жылғы 28 қазандағы № 520 шешіміне 2
қосымша

Хромтау ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда– 800 метр;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр.